«6D030200 – Халықаралық құқық» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған

ЖУНИСОВ ЖАСУЛАН СЕЙТКАРИМОВИЧТЫҢ

«Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктер» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 2020 жылдың 19 мамыр күні ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысына бейне-конференция форматы арқылы қатысу кезінде «Еуразиялық экономикалық интеграцияның 2025 жылға дейін дамуының стратегиялық бағыттары туралы» құжаттың жобасына ерекше көңіл бөлген еді. Президенттің пікіріне сәйкес интеграциялық жұмыс ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескеруі тиіс және ұлттық заңнамаларды үйлестіру әрі біріздендіру мәселелерін қарастыру барысында «керекті жеткілік» қағидасына негізделуі қажет. Оның айтуынша Стратегияда ұсынылып отырған бірқатар салаларда (атап айтқанда, кеден ісі, техникалық реттеу, тұтынушылар құықтарын қорғау салалары) құқықтық, яғни әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті белгілеу жағынан заңнаманы «үйлестіру және біріздендіру» әзірше ақылға сыйымды жеткіліктілік принципіне сәйкес келмейді. Бұл болса Стратегияны ұлттық қоғамдық пікірдің қабылдамай қоюына алып келеді, өйткені Стратегия үкіметтер мен парламенттің егеменді құқықтарын шектейді», - деді Президент [1]. Байқап отырғанымыздай еліміздің басшысы ұлттық заңнаманы біріздендіру және үйлестіру мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарау керек деген көзқарасты ұстанады және біріздендіру мен үйлестіруді кез-келген жағдайда әрі кез-келген мәселелерге қатысты қолдана беруіне қарсы. Бұл өте дұрыс ұстаным, өйткені бұл мәселелер әрқашан мемлекеттің егемендігін шектеуге қатысы бар.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты көп жақты экономикалық интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарда мемлекет мүдделерін ілгерілету және қорғау арқылы, экономикалық дипломатия құралдарын қолдану арқылы әлемдік экономикаға одан ары интеграциялануға бағытталады. Осыған орай ұлттық заңнаманың едәуір бөлігі бұдан ары да Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтық мінедеттемелерінің әсерімен қалыптаса бермек (6-бөлімнің 2 және 3 абзацтары) [2].

Интеграциялық үрдістердің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып құқықтық саясат саласындағы мемлекетаралық үйлестіру және біріздендіру табылады. Мемлекеттердің қажеттіліктері мен осындай үйлестіруге мемлекеттің дайын болуына байланысты ол жекелеген құқықтық шешімдерден бірыңғай құқықтық кеңістікті қалыптастыруға дейін созылуы мүмкін. Құқық саясаты саласындағы интеграциялық үрдістер мен үйлестіру бір-біріне тығыз байланысты түсініктер болып келеді: интеграция дегеніміз

бірыңғай әлде бір-біріне ұқсас болып келетін заңи ережелерді орнатпаса орын алмайды. Ал мұндай ережелер болса интеграцияның одан әрі дамуына итермелейді. Адам қоғамындағы көптеген қатынастардың кейбір жекелеген бағыттарын бірдей қалап регламенттейтін заңи ережелерді даярлау қызметі заңтануда заңдарды (құқықты) біріздендіру, үйлестіру және құқықтық жүйелердің жақындасуы атауына ие болды.

Соңғы жылдары құқықты біріздендіру мен үйлестіруге қызығушылық үнемі артып келеді. Бұл ретте құқықтық жүйелердің жақындасуы жаһандық құбылыс ретінде де, ары қарай үнемі дамып отыратын үрдіс ретінде де қарастырылады. Отандық және шетелдік заңтану бойынша әдебиеттерде біріздендіру мен үйлестіру зерттеудің басым тақырыптарының бірі болып отыр.

Бірыңғай және біркелкі құқықтық нормалар қазіргі кезде халықаралық, сондай-ақ мемлекетішілік құқықтың неғұрлым серпінді дамып келе жатқан бөлігін құрайды. Халықаралық органдар мен ұйымдар шегінде құқықтық реттеуді жақындастыруға бағытталған жаңа құжаттардың едәуір санын әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Әдебиетте құқықтың жақындасуы бағытындағы жалпы теориялық мәселелерге аз көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бірыңғай құқықтық реттеудің жалпы проблемалары ерекше қызығушылық тудырады, өйткені құқықты біріздендіру және үйлестіру қазіргі уақытта да, болашақта да құқықты дамытудың маңызды үрдістерінің бірі ретінде қала бермек.

Біріздендіру үдерісін түсіндірудің алуан түрлілігі құқық доктринасындағы «біріздендіру» ұғымының тұтастығы туралы айтуға мүмкіндік бермейді.

Зерттеудің өзектілігі еліміздің құқықты біріздендіру және үйлестіру бойынша көптеген халықаралық келісімдерге қатысуына, сондай-ақ оның біріздендіру мен үйлестіруді іске асыру бойынша әмбебап және аймақтық тетіктер қызметіне қатысуына негізделген (БҰҰ, оның мамандандырылған мекемелері, халықаралық жеке құқық бойынша Гаага конференциясы), жеке құқықты біріздендіру халықаралық институты (УНИДРУА), ДСҰ, ЕАЭО, т.б. Қазақстан үшін құқықтық реттеудің жақындасуы ерекше маңызға ие.

Әртүрлі интеграциялық топтармен әріптестік қатынастарды жолға қою осы бірлестіктер шегінде қалыптасқан біріздендірілген және үйлестірілген құқықтық кеңістік негізінде құқықтық саясатты үйлестіру және құқықты жақындастыру қажеттілігін болжайды. Ақыр соңында, еліміздің құқықтық жүйесін жетілдіру кезінде қолданыстағы біріздендірілген әрі үйлестірілген құқықтық режимдерді пайдалану өзекті болып табылады.

Көптеген халықаралық және интеграциялық ұйымдар ішінен Қазақстан үшін ең маңыздыларының бірі – ЕАЭО екені күмән туғызбайды. Ал, ЕАЭО-ның өзі интеграциялық бірлестік болып қалай қалыптасты десек, ойға бірден ЕурАзЭҚ және оның Кеден Одағы келеді. Ең алғашқы ірі біріздендірілген және үйлестірілген актілер осы ЕурАзЭҚ шеңберінде қабылданған еді. Сонымен бірге, ЕАЭО шеңберінде үйреншікті болып қалған бірқатар институттар да ЕурАзЭҚ шеңберінде сыннан өткен болатын. Осы жағынан да,

өзге де саяси не заңи тұрғысынан да, Қоғамдастық тәжірибесі Еуразиялық экономикалық пен мемлекеттердің өзге де ұйымдарына маңызы зор.

Жоғарыда аталған жәйттардың барлығы ұсынылып отырған бұл ғылыми еңбектің, оның тақырыбының аса өзекті екендігін білдіреді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты: ЕАЭО-ға мүше болып табылатын мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ тетіктерінің ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

– ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастырудың түсінігін айқындау;

– мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың еуропалық тәжірибесін қарастыру және үйлестіру тәсілі мен мемлекеттен үстемділік қағидасының арақатынасын анықтау;

– ұлттық заңнамаларды жақындастырудың жолдарын белгілеу;

– ЕурАзЭҚ-ң қалыптасу тарихына шолу жасау және Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше-елдердің заңнамаларын жақындастыру тетіктеріне жалпы сипаттама беру;

– заңнамаларды жақындастыру ісіндегі ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының рөлін анықтау;

– мүше болып табылатын елдердің заңдарын біріздендіру және үйлестіру ісіндегі Қоғамдастықтың қабылдайтын актілерінің орны мен маңызын талдаудан өткізу;

– Қоғамдастықтың мүшесі болып табылатын мемлекеттердің заңдарын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ-тың соттық нысанын зерттеу;

– Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуының заңи қырларына шолу жасау;

– ЕАЭО Кеден кодексі жобасын дайындау үдерісін мысалға ала отырып Еуразиялық экономикалық одақтағы тікелей қолданылатын актілердің басымдығын талдау.

Зерттеу объектісі: Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру процесі төңірегінде қалыптасқан қоғамдық қатынастар.

Зерттеу пәні: ЕАЭО-ға мүше-елдердің заңнамаларын біріздендіру мен үйлестірудегі ЕурАзЭҚ тетіктерінің құқықтық ерекшеліктері.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктеріне қатысты мәселелерді жаңа, сыни көзқараспен, жан жақты, объективті, әрі толық қарастырудан тұрады. Атап айтқанда, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудің тұжырымдық негіздері жан-жақты қарастырылды, бұл саладағы еуропалық тәжірибе зерделеніп, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастыру, біріздендіру және үйлестірудің арақатынасы анықталды. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше-елдердің заңнамаларын жақындастыру тетіктері талдаудан өткізілді, мемлекеттер заңнамаларын жақындастырудағы ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының рөлі

айқындалды және ұлттық заңнамаларды біріздендіру әрі үйлестірудегі ЕурАзЭҚ актілерінің рөлі белгіленді. Мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру саласындағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысаны мен Қоғамдастықта тіке қолданылатын актілердің басымдығы терең зерттелді. Маңызды болып табылатын мәселелер бойынша автордың өз ұстанымы мен көзқарасы айтылды.

Зерттеудің әдістемелік негізін диалектикалық, қисындық, жүйелі, салыстырмалы, талдау және тарихи әдістер құрайды. Автор кешенді тәсілді қолдану арқылы ЕурАзЭҚ шеңберіндегі интеграциялық үрдістерге әсер еткен факторлар жиынтығын ескерді. Диссертациялық зерттеуде қолданылатын жалпы ғылыми әдістердің ішінде тарихи-құқықтық талдау әдісін бөліп көрсету керек, өйткені дәл осы әдіс интеграциялық процестердің динамикасын және посткеңестік кеңістікте болған оқиғалардың оларға әсерін талдауға мүмкіндік берді.

Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер: Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегі қорғауға шығарылатын тұжырымдар арқылы да өз көрінісін табады:

1) Заңнаманы жақындастыру, үйлестіру және біріздендіру құқықтық интеграцияның негізгі нысандары болып табылады. Заңнамаларды үйлестіру (гармонизация) мен жақындастыру халықаралық деңгейдегі басым көпшілік жағдайларда ұқсайтын түсініктерді білдіреді. Ол түрлі елдердің заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін жақындатуға, олардың айырмашылықтарын азайтуға, тіпті оларды жоқ қылуға ұмтылған үдеріс;

2) Біріздендіру мен үйлестіру құқықты жақындатудың қос нысаны.

Біріздендіру – әртүрлі елдердің ұлттық заңнамасында (құқығында) біртектес, бір-біріне ұқсас ережелерді орнату болып табылады.

Құқықты үйлестіру – түрлі елдердің заңнамалары арасындағы айырмашылықтарды жою және азайту. Мемлекеттер тәжірибесінде олардың ішкі заңнамаларының дамуы үйлестіру элементтері есебінен жүзеге асырылып, елдердің заңнамалары бір-біріне әсер етіп отырған.

3) Мемлекеттер заңнамаларын жақындастыру ісіндегі Еуропа Одағының мол тәжірибесі ЕурАзЭҚ шегінде пайдаға аспады. Еуропа Одағындағы өңірлік интеграцияның басты принциптерінің бірі – ішкі биліктен басым болу әрі интеграция құқығының тіке пайдаланылуы принциптері – кеңінен қолданылған болса, ЕурАзЭҚ-та бұл принциптер қолданыла алмады.

Оның басты себебі - ол, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа қатысушы елдердің ұлттық биліктен басымдық және интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы қағидаларын жүзеге асыруға дайын болмауы. Аталған екі қағида кейінірек – ЕАЭО шеңберінде ғана қолданыла басталды.

4) Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың өзге интеграциялық бірлестіктерден үлкен айырмашылығы – ол, мүше болып табылатын елдердің ішкі заңдарын жақындатумен айналысатын арнайы органның болуы. Ол орган - Парламентаралық Ассамблея. Басқа интеграциялық бірлестіктерді мұндай арнайы орган, әдетте, кездесе бермейді.

5) ЕурАзЭҚ-ке мүше-елдердің ұлттық заңнамаларын үйлестірудің (жақындастырудың, біріздендірудің) заңи базасы ТМД шеңберінде қалыптаса

бастады. ТМД-ң Парламентаралық Ассамблеясы үлгілі (модельді) заңдар мен ұсынымдарды дайындауға заңнамаларды үйлестіру бойынша халықаралық тәжірибені қолдана отырып кірісіп кеткен еді.

ЕурАзЭҚ-ң Парламентаралық Ассамблеясы Беларусь, Қазақстан, Ресей мен Қырғызстанның 29.03.1996 жылғы «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы» Шартының негізінде әрекет еткен Парламентаралық комиссияның ізбасары (мирасқоры) болып табылады.

Парламентаралық Ассамблея жоғарғы заң шығарушы органдары арасындағы ынтымақтастықтың органы ретінде ішкі заңдарды үйлестіру бойынша парламентаралық Комиссияның ішкі заңдардың қабылдануына іргетас болатын модельдік (үлгілі, типтік) жобаларды әзірлеу және әртүрлі салалық заңдарды үйлестірудегі ұсынымдар әзірлеу сияқты бағыттардағы жұмысын жалғастырып кетті.

6) ЕурАзЭҚ-тың моделдік заңнамасының айқын артықшылықтарымен қатар, кейбір кемшіліктері де бар еді. Атап айтқанда, «Білім туралы» үлгілік заң мәтініндегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі мен жалпы білім беру жүйесі арасындағы байланыстың белгісіздігі мемлекеттердің оны ұлттық заңнамаға енгізуден бас тартуына негіз болды. ЕурАзЭҚ-тың үлгілік актінің мәтіні мен РФ-ң зейнетақы заңнамасы және Ресейдің зейнетақы саясаты арасындағы сәйкессіздік фактісі дәл осындай нәтижеге әкелді.

Кейбір үлгілік актілердің өзі ұлттық заңнаманың серпінді дамуына (мысалы, Ресейдің банк заңнамасы) ілесе алмай, мүше мемлекеттердің заңнамалық тәжірибесінен артта қала бастады. Бұған ЕурАзЭҚ шеңберінде әзірленген үйлестіру және біріздендіру жүйесінің ерекшеліктері себеп болды, бұл кезде жекелеген мүше мемлекеттерге типтік жобаларды әзірлеуге рұқсат етілді, бұл Қоғамдастықтың біртұтас, біркелкі әрі үйлесімді заңи тәртібін орнатуда бірқатар проблемалар туғызар еді.

7) Мүше болып табылатын мемлекеттердің заңдарын біріздендіру және үйлестіру бойынша Қоғамдастықтың соттық нысаны ЕурАзЭҚ Сотының үш жылдық қызметінде өзінің толық көрінісін тапты. Оны Соттың үш жылдық соттық практикасы дәлелдеп отыр.

Диссертация нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертация Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық құқық кафедрасының ғылыми семинары мен жалпы отырысында талқыланып, сыннан өтті. Диссертация материалдары бойынша 12 жарияланым жарық көрді және олардың ішінде 7 (жеті) мақала - ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 (төрт) мақала – Халықаралық конференциялар жинақтарында, 1 (бір) мақала – «Скопус» тізіміне кіретін ғылыми журналда жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі нормативтік сілтімеден, анықтамалар мен қысқарутлардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.